

**БЕКІТЕМІН**  
**Шымкентқаласы ДСБ ШЖҚ**  
**«№3 Қалалық емхана» МКК-ның**  
**бас дәрігер**  
**\_\_\_\_\_А.У.Омар**

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ**

**Шымкент 2022**

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер.....	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Терминдер мен анықтамалар.....	4
4	Саясат мақсаттары мен міндеттері.....	5
5	«№11 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет іс-қимылының саласы	7
6	«№11 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі принциптері.....	7
7	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға байланысты міндеттер.....	8
8	Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қауіп-қатерді бағалау.....	8
9	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар.....	8
10	Ақпараттандыру.....	9
11	Қайырымдылық іс-шара мен демеушілік.....	10
12	Саяси іс-шараға қатысуы.....	10
13	Мемлекеттік қызметкерлермен арақатынас.....	10
14	«№11 қалалық емхана» қызметкерлерімен арақатынас.....	10
15	Жауаптық шаралар мен санкциялардан бас тарту.....	10
16	Осы саясатты орындамағандығы (тиісті орындамағандығы) үшін жауапкершілік .....	11

## **1. Жалпы ережелер**

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат (бұдан әрі – «Саясат») Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы аясында, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге бағытталған «ДСБ ШЖҚ «№3 қалалық емхана» МКК» әкімшілігімен (бұдан әрі – «№3 қалалық емхана»), қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормасын сақтайтын, түйінді қағидалары мен талаптарын айқындайтын, «№3 қалалық емхана» ішкі құжаты болып табылады.

## **2. Нормативтік сілтемелер**

Осы лауазымдық нұсқаулықтар келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995 ж.;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», 18.11.2015 жылғы №410-V Қазақстан Республикасының Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» 2006.07.07. N 170 Заңымен.
- Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Заңы, 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексы, 03.07.2014 ж. № 226-V;
- 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, 26.12.2014 ж. № 986;
- ISO 37001:2016 «Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» Халықаралық стандарты.

Саясат «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңының және денсаулық сақтау сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды әзірлеуі және қабылдауы бойынша Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің әдістемелік ұсынымдарының ережелеріне сәйкес әзірленді.

## **3. Терминдер мен анықтамалар**

Осы құжатта сәйкесінше анықтамаларымен қоса келесідей терминдер қолданылады:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, «№3 қалалық емханасы» мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар.

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табумақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

#### **4 Саясат мақсаттары мен міндеттері**

4.1 Саясат корпоративтік мәдениетті жетілдіру үшін жоғары этикалық стандарттарға сай ашық және әділ жүргізу, корпоративтік басқармасының үздік тәжірибелермен және тиісті деңгейде «№3 қалалық емхана» іскерлік беделін сақтау және оның басшылығының адалдығын көрсету.

4.2 «№3 қалалық емхана» барлық қызметкерлері осы Саясатты басшылыққа алуға және принциптер мен талаптарды мүлтіксіз сақтауға міндетті.

4.3 «№3 қалалық емхана» бас дәрігеросы Саясаттың қағидалары мен талаптарын жүзеге асыруына бағытталған бүкіл іс-шараларды ұйымдастыруға жауапты.

4.4 «№3 қалалық емхана» әкімшілігі алдына мақсат қояды:

- «№3 қалалық емхана» қызметкерлерінің атқаруындағы лауазымына, саласына қарамастан сыбайлас жемқорлыққа қатысу қауіпін азайту, болдырмау;

- сыбайлас жемқорлықтың барлық формалары мен көріністерінен бас тарту туралы «№3 қалалық емхана» қызметкерлеріне жалпы түсінік жасау;

- «№3 қалалық емхана» қызметкерлерінің қолданылуы мүмкін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын түсіндіру;

- «№3 қалалық емхана» қызметкерлеріне осы саясаттың қағидалары мен талаптарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасымен қолданылатын негізгі нормаларды, сонымен қатар сыбайлас жемқорлықты білу және сақтау жөніндегі міндетті орнату;

- «№3 қалалық емхана» үнемі талдау жүргізу арқылы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықты аяқтауға негіз болатын нәтижелер бойынша себептер мен шарттарды жою үшін шаралар қабылдайтын сыбайлас жемқорлық қауіпіне ішкі анализ жасайды.

- Саясат «№3 қалалық емхана» қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге бағытталған нормативтік құжаты болып табылады.

- Саясат сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, «№3 қалалық емхана» қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар.

- «№3 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне тарту тәуекелін азайту;

- атқаратын лауазымына қарамастан, «№3 қалалық емхана» қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлықтың кез-келген нысандары мен көріністеріндегі қабылдамау туралы «№3 қалалық емхана» саясатының біркелкі түсінігін қалыптастыру;

- «№3 қалалық емхана» қолданылатын Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының негізгі талаптарын қорыту және түсіндіру;

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін «№3 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясатты енгізудің мынадай міндеттері белгіленеді:

- «№3 қалалық емхана» әкімшілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі қағидаттарын айқындау;

- саясатты қолдану саласын және оның ықпалына түсетін адамдар тобынанықтау;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты «№3 қалалық емханада» лауазымды тұлғаларын бекіту;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылатын тізбесін, стандарттар мен рәсімдерді және оларды орындау тәртібін белгілеу;

- «№3 қалалық емхана» қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілігін бекіту.

## **5 «№11 қалалық емхана» әкімшілігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет іс-қимылының саласы**

«№3 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің іс-қимылын қолдану саласын белгілеу үшін жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің шекарасы мен қолданылуын, осы жүйенің мақсатына қол жеткізу қабілетіне әсер ететін сыртқы және ішкі факторларды анықтауға тиіс.

- шешім қабылдау бойынша көлемді, құрылым мен табысталған өкілеттік;

- жұмыс істейтін немесе жұмыс істеуді болжайтын сала мен орналасқан жері;
- қызметтің сипаты, ауқымы мен күрделілігі;
- іскерлік үлгі;
- іскерлік серіктестіктер;
- қолданыстағы заңнамалар, нормативтік актілер, келісім-шарттар және кәсіби міндеттемелер мен талаптар.

### **6 «№3 қалалық емхана» әкімшілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі принциптері**

«№3 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі мынадай қағидаттарға негізделеді:

6.1 Саясаттың қолданыстағы заңнамаға және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестік принципі: іске асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және денсаулық сақтау саласында қолданылатын өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі.

6.2 «№3 қалалық емхана» басшылығының жеке тұлғалық ұстанымы: «№3 қалалық емхана» басшылығы өзінің мінез-құлқымен үлгі болып, барлық деңгейдегі сыбайлас жемқорлықтың кез-келген нысандары мен көріністеріне келіспейтін қатынастың этикалық стандартын қалыптастыруы тиіс.

6.3 Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға тарту принципі: сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға лауазымға қарамастан профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің белсенді қатысуы.

6.4 Нөлдік толеранттылық принципі: сыбайлас жемқорлықты кез-келген нысанда және көріністерде қабылдамау.

6.5 Тәуекелдерді кезеңдік бағалау принципі: «№3 қалалық емхана» тұтастай «№3 қалалық емхана» қызметіне және оның жекелеген бөлімшелеріне тән сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бағалау мерзімді негізде жүзеге асырылады.

6.6 Ашықтық принципі: «№3 қалалық емхана» жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы жұртшылықты хабардар ету.

6.7 Жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы принципі:

- атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және еңбек міндеттерін орындауға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда өзге де жағдайларға қарамастан, «№3 қалалық емхана» қызметкерлері үшін жазаның бұлтартпастығы;

- басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жауапкершілігі.

## **7. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға байланысты міндеттер**

Барлық қызметкерлер лауазымына және жұмыс өтіліне қарамастан, өз лауазымдық міндеттерін орындау, осы саясаттың ережелерін басшылыққа алу және оның принциптері мен талаптарын мүлтіксіз сақтау.

## **8. Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қауіп-қатерді бағалау**

- бағалау беруге және табылған жемқорлық қауіп-қатерді басымдылығына қарай қою;

- күтілетін жемқорлық қауіп-қатерді азайту үшін «№3 қалалық емхана» бұрыннан бар басқару құралдарының жарамдылығы мен нәтижелілігін анықтауға тиіс болатын жемқорлық қауіп-қатерді бағалауды жүзеге асыру.

## **9 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар**

9.1 Осы саясатқа қосымша ретінде «№3 қалалық емхана» жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бекітіліп, оларды өткізу мерзімдері және жауапты орындаушы көрсетіледі.

9.2 Қызметкерлердің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын енгізу мақсатында «№3 қалалық емхана» іскерлік қатынастар этикасын қозғайтын және қызметкерлердің этикалық, адал мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған қызметкерлер мінез-құлқының жалпы қағидалары мен принциптері белгіленеді.

9.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат элементтерінің бірі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау болып табылады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың мақсаты «№3 қалалық емхана» қызметкерлерінің жеке пайда алу мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы неғұрлым жоғары болатын «№3 қалалық емхана» қызметіндегі нақты операцияларды айқындау болып табылады.

9.4 «№3 қалалық емхана» қызметкерлерді сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мынадай тақырыптар бойынша оқыту жүргізілуі тиіс:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін заңдық жауапкершілік;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнаманың талаптарымен және «№3 қалалық емхана» ішкі құжаттарымен және оларды «№3 қалалық емхана» қызметінде қолдану тәртібімен танысу;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

9.5 «№3 қалалық емхана» жүзеге асыратын ішкі бақылау сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және анықтауға ықпал етеді. Бұл ретте ішкі бақылау және аудит жүйесінің «№3 қалалық емхана» қызметінің нормативтік құқықтық актілердің және «№3 қалалық емхана» ішкі нормативтік актілерінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін іске асыру барынша мүдделілік тудырады.

9.6 Әріптестермен өзара іс-қимыл жасау кезінде «№3 қалалық емханаға» қабылданған қызметті жүргізудің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары туралы, оның ішінде шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау туралы белгілі бір ережелерді енгізу мүмкіндігі туралы хабарлайды. «№3 қалалық емхана» іскерлік қатынастарды адал түрде жүргізетін, өз беделіне қамқорлық жасайтын, жоғары этикалық стандарттарға қолдау көрсететін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өз шараларын іске асыратын, ұжымдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларға қатысатын серіктестермен іскерлік қатынастарды орнатуға және сақтауға ұмтылады.

9.7 «№3 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру дәрежесі мен жетістіктері туралы, оның ішінде ғаламтор желісіндегі ресми сайтта, тиісті мәліметтерді орналастыру арқылы жұртшылықты хабардар етуді жүзеге асырады.

## **10 Ақпараттандыру**

«№3 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлықтан бас тарту туралы ашық мәлімдейді, ақпараттандыру және оқыту жолмен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін көтеруіне ықпал етеді, қызметкерлерін осы саясаттың қағидалары мен талаптарын сақтағанын құптайды және көтермелейді, осы саясатты еркін қол жеткізуге «№3 қалалық емхана» ғаламтор ресурсына орналастырады.

## **11 Қайырымдылық іс-шара мен демеушілік**

«№3 қалалық емхана» нақты жобаларынан коммерциялық артықшылықтарды алу мақсатындағы қайырымдылық және демеушілік жобаларды қаржыландырмайды.



## **12. Саяси іс-шараға қатысуы**

«№11 қалалық емхана» нақты жобаларынан коммерциялық артықшылықтарды алу мақсатындағы саяси партияларды, ұйымдарды және қозғалыстарды қаржыландырмайды.

## **13. Мемлекеттік қызметкерлермен арақатынас**

«№11 қалалық емхана» мемлекеттік қызметкерлер мен олардың жақын туыстарының (немесе олардың мүддесі үшін) «№11 қалалық емхана» жобаларынан коммерциялық артықшылықтарды алу мақсатындағы кез-келген шығыстарын, соның ішінде көлікке, өмір сүруге, тамақтануға, ойын-сауыққа және т.б. кететін, немесе олардың өзге де жолмен «№11 қалалық емхана» есебінен алынған шығыстарын қаржыландырудан бас тартады.

## **14. «№3 қалалық емхана» қызметкерлерімен арақатынас**

14.1 «№11 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлыққа қатысты негізгі қағидалар, талаптар және санкциялар туралы қызметкерлерін хабардар етіп, олардан осы саясатты ұстануын талап етеді.

14.2 «№11 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің тиісті деңгейін қалыптастыру аясында қызметкерлер үшін күндізгі және/немесе қашықтық нысанда кезеңдік ақпараттық семинарлар, сонымен қатар «№9 қалалық емхана» барлық жаңа қызметкерлері үшін осы саясаттың ережесі және оған қатысты құжаттар бойынша кіріспе тренингтер өткізіледі.

14.3 Жоғары тұрған лауазымдарға ұсынылу үшін кадр резервін қалыптастыру, сонымен қатар тәртіптік жаза қолдану кезінде осы саясаттың қағидалары мен талаптарын «№11 қалалық емхана» қызметкерлерімен сақталынған кезде ғана есепке алынады.

## **15 Жауаптық шаралар мен санкциялардан бас тарту**

«№11 қалалық емхана» егерде қызметкер сыбайлас жемқорлық болу фактісін хабарлаған немесе парақорлықты беруге не болмаса алудан, парақорлық кезінде делдал болудан бас тартқан жағдайда, бірде-бір қызметкер санкцияларға (сонымен қоса қызметінен босатуға, қызметін төмендетуге, сыйлықтан айыруға) ұшырамайтындығына кепіл береді.

## **16 Осы саясатты орындамағандығы (тиісті орындамағандығы) үшін жауапкершілік**

16.1 «№11 қалалық емхана» барлық құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына, қызметкерлері атқаратын лауазымына қарамай осы саясаттың қағидалары мен талаптарын сақтау бойынша, сондай-ақ сол қағидалар мен талаптарды бұзған оларға бағынатын тұлғалардың әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін жеке жауапкершілік жүктеледі.

16.2 «№11 қалалық емхана» лауазымды тұлғалары, қызметкерлері және өзге де тұлғалары сыбайлас жемқорлық қызметіне қатысқаны үшін санкцияларға ұшырауы мүмкін болғандықтан, әрқайсысынан ақылға қонымды, негізді күдік

немесе сыбайлас жемқорлық фактісі қолданыстағы заңмен рұқсат етілген негізде қызметтік тергеулерге бастамашылық жасалады.

16.3 «№11 қалалық емхана» құқық қорғау органдары немесе өзге де тұлғалардың бастамасы бойынша қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасымен, нормативтік актілермен және еңбек шарттармен көзделген тәртіпте және негізде осы саясат талаптарын бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

**Әзірлеген:**

<b>Лауазымы</b>	<b>Т.А.Ж.</b>	<b>Күні</b>	<b>Қолы</b>
Комплаенс офицер	Искакова М.А.	05.01.2022	